КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасының атынан
ШЕШІМ

2025 жылғы 8 қыркүйек № 5501-25-00-2/2036 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ә.С.Тюлембекова, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы білім беру басқармасының «№4 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Азамат Абуевич Аменов «QazTechControl» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІМІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы білім беру басқармасының «№4 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Азамат Абуевич Аменов «QazTechControl» жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Азамат Абуевич Аменов «QazTechControl» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Азамат Абуевич Аменов «QazTechControl» жеке кәсіпкерден мемлекеттің кірісіне 5 890 (бес мың сегіз жүз тоқсан) теңге тұрақсыздық айыпұл және 2 143 (екі мың жүз қырық үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья

Ә.Тюлембекова

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 08.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 16.10.2025, судья Тюлембекова А. С., 16.10.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство